

"Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қарашадағы N 309 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 желтоқсанда N 2071 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы N 377 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 18.12.2013 № 377 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса берілген "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.

2. Қарқаралы ауданының кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтың әкімдері мемлекеттік қызметті уақытында, сапалы көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А.Р. Сатыбалдинге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі міндетін атқарушы **С. Акимов**

Қарқаралы ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 27 қарашадағы
N 309 қаулысымен
бекітілген

**"Жануарға ветеринариялық паспорт беру"
мемлекеттік қызмет көрсету регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. "Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет көрсетуді (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) осы регламентке (бұдан әрі - регламент) 1-қосымшада көрсетілген мекенжайы бойынша "Қарқаралы ауданы ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - ЖАО) бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері (бұдан әрі - ветдәрігер) ұ с ы н а д ы .

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы 20-тармақшасына, 10-1-бабының 12) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 464 қаулысына (бұдан әрі – стандарт) сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы стендтерде о р н а л а с қ а н .

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – жануарға ветеринариялық паспортты (жануардың ветеринариялық паспорттың телнұсқасын, жануарға ветеринариялық паспорттың үзіндісін) (қағаздағы тасымалдағышта) беру не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) к ө р с е т і л е д і .

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) жануарға ветеринариялық паспорттың (жануардың ветеринариялық паспорттың үзінді) беру мерзімі, жануарға жеке нөмір берген сәттен бастап немесе оны беруден бас тартқанда - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

2) жануарға ветеринариялық паспорттың түпнұсқасын беру мерзімі, жануар иесі жануарға ветеринариялық паспорттың жоғалғаны туралы өтініш берген күнінен бастап - 10 (он) жұмыс күн ішінде;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың ең жоғары рұқсат етілетін уақыты - 30 (отыз) минуттан аспайды;

4) мемлекеттік қызметті алушыға ең жоғары рұқсат етілетін қызмет көрсету уақыты - 40 (қырық) минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндері

, сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен ұсынылады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері бар стенділермен жарықталады).

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

10. Жануарға ветеринариялық паспортты алу үшін тұтынушы жануарға ветеринариялық паспорттың бланкісінің құнын төлегенін растайтын құжатты береді. Бұдан басқа, жануарда - жануарға берілген бірдейлендіру нөмірі болуы қажет.

Ветеринариялық паспорттың телнұсқасын және (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) алу үшін тұтынушы:

- 1) еркін нысандағы жазбаша өтініш;
- 2) жануардың ветеринариялық паспортының жоғалған, бүлінген фактісін растайтын құжаттар (болған жағдайда) қоса береді.

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы жануарға ветеринариялық паспортты алу үшін осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша ЖАО-ның ветдәрігеріне жүгінеді.

Жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) алу үшін тұтынушы осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша ЖАО-ның ветдәрігеріне өтініш жасайды.

Жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасын (жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) алу үшін жүгінген кезде, тұтынушының өтініші тіркеу журналына тіркеліп, мемлекеттік қызметті тұтынушыға күні мен уақыты, мерзімі және орны көрсетілген талон беріледі.

12. Жануарға ветеринариялық паспорт (жануарға ветеринариялық паспорттың телнұсқасы және жануарға ветеринариялық паспорттан үзінді) жануар иесінің жеке өзі не оның өкілі келген кезде беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға, жануардың берілген бірдейлендіру нөмірі болмауы негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимылдар) тәртібі

14. Құжаттарды қабылдауды осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген ЖАО-ының ветдәрігерлері жүргізеді.

15. Мемлекеттік қызмет тұтынушысының өтініші жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналында, тұтынушының мемлекеттік қызметті алатын күні көрсетіліп тіркеледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (одан әрі – ҚФБ) қатысады: ЖАО ветеринариялық дәрігерлері.

17. Әр әкімшілік іс-әрекетінің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсетумен әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара іс-қимылы дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламентке 2-қосымшаға сәйкес келтірілген.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттерінің қисынды логикалық дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін схемалар осы регламентке 3-қосымшаға сәйкес келтірілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

19. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

"Жануарға ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсететін ЖАО-ның тізімі

N	ЖАО атауы	Елді мекен атауы	Байланыс телефоны	Мекенжайы	Сайт мекенжа
1	"Қарқаралы ауданы ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімі" ММ	Қарқаралы қаласы	(872146) 31220	Қарқаралы қаласы, Бөкейхан көшесі, 40	жоқ
2	"Нұрмақов ауылдық округінің әкімі аппараты" ММ	Өсібай селосы	8(721)-32 55-2-72	Өсібай селосы, Елебеков көшесі, 6	жоқ
3	"Нүркен Әбдіров округінің әкімі аппараты" ММ	Жарлы селосы	8(72146)-34-3-04	Жарлы селосы, Машанов көшесі, 35	жоқ
4	"К.Аманжолов селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Талды селосы	8(72146) 37-4-00	Талды селосы, Қ. Аманжолов көшесі, 2	жоқ
5	"Қоянды селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Қоянды селосы	8(72132)-58-2-21	Қоянды селосы Советская көшесі, 5	жоқ

6	"Жаңатоған селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Жаңатоған селосы	8(72146)-34-1-85	Жаңатоған селосы, Үшкүн көшесі, 39	жоқ
7	"Егіндібұлақ селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Егіндібұлақ селосы	8(72147)-91-3-95	Егіндібұлақ селосы, Мәди көшесі, 10	жоқ
8	"Қарқаралы қаласының әкімі аппараты" ММ	Қарқаралы қаласы	8(72146)-31-2-84	Қарқаралы қаласы, Бөкейханов көшесі, 40	жоқ
9	"Бақты селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Бақты селосы	8(72146)-38-7-21	Бақты селосы, Тәуелсіздік көшесі, 13	жоқ
10	"Балқантау селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Қарабұлақ селосы	8(72147)-91-5-86	Қарабұлақ селосы, Қазақстан көшесі, 4	жоқ
11	"Абай селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Айнабұлақ селосы	8(72147)-51-3-41	Айнабұлақ селосы, М. Батыр көшесі, 15	жоқ
12	"Уғар селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Матақ селосы	8(72146)-33-7-32	Матақ селосы, Школьная көшесі, 2	жоқ
13	"Мартбек Мамыраев селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Ақжол селосы	8(72147)-33-3-00	Ақжол селосы, Н. Қабдыкәрімов көшесі, 12	жоқ
14	"Қырғыз селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Бүркітті селосы	8(72146)-34-4-31	Бүркітті селосы, Тың көшесі, 8	жоқ
15	"Темірші селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Татан селосы	8(72132)-36-5-60	Татан селосы, Орталық көшесі, 6	жоқ
16	"Қайнарбұлақ селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Аппаз селосы	8(72159)-61-5-58	Аппаз селосы К.Сейілхан көшесі, 14/2	жоқ
17	"Бесоба селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Бесоба селосы	8(72132)-36-4-43	Бесоба селосы, Әбдірасылов көшесі, 23	жоқ
18	"Тегісшілдік селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Тегісшілдік селосы	8(72146)-37-5-01	Тегісшілдік селосы, Т. Әубәкіров көшесі, 11	жоқ
19	"Қарағайлы кентінің әкімі аппараты" ММ	Қарағайлы кенті	8(72146)-45-4-80	Қарағайлы кенті, 20, 4 квартал	жоқ
20	"Томар селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Томар селосы	8(72132)-35-2-23	Томар селосы, Мәди көшесі, 4	жоқ
21	"Тәттімбет селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Ақтасты селосы	8(72132)-53-2-87	Ақтасты селосы, Қазыбек би көшесі, 17	жоқ
22	"Шарықты селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Теректі селосы	8(72132)-56-2-92	Теректі селосы, Абай көшесі, 12	жоқ
23	"Қаракөл селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Қаракөл селосы	8(72132)-91-5-57	Қаракөл селосы, Строителей көшесі, 13	жоқ
24	"Мәди селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Айрық селосы	8(72132)-54-2-60	Айрық селосы, Әбішев көшесі, 3	жоқ
25	"Ынтыалы селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Ынтыалы селосы	8(72146)-50-0-11	Ынтыалы селосы, Бейбітшілік көшесі, 12	жоқ
26	"Қаршығалы селолық округінің әкімі аппараты" ММ	Көктас селосы	8(72146)-33-5-12	Көктас селосы, Гагарин көшесі, 30	жоқ

Ескерту: ММ – мемлекеттік мекеме.

"Жануарға
паспорт

беру"

ветеринариялық
мемлекеттік

1-кесте. Әр әкімшілік іс-әрекетінің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсетумен әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара іс-қимылы дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы

1	Ис-әрекет N (барысы, жұмыстар ағыны)	1	2	3
2	ҚФБ атауы	ЖАО ветдәрігері	ЖАО ветдәрігері	ЖАО ветдәрігері
3	Ис-әрекет (үдеріс, рәсім, операциялар) атауы және олардың сипаттамасы	Өтінішті тіркеу тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тексеру	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қарау	Жануарға ветеринариялық паспортт жануардың ветеринариялық паспортт телнұсқасын, жануарға ветеринариял паспорттың үзіндісін) беру журналына мемлекеттік қызмет көрсетуден бас та туралы дәлелді жауапты тіркеу. Тұтынуі дайын құжатты беруге дайындау
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешім)	Құжаттарды қабылдау	Жануарға ветеринариялық паспортқа (жануардың ветеринариялық паспорттың телнұсқасына, жануарға ветеринариялық паспорттың үзіндісіне) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	Тұтынушыға дайын құжатты беру
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	1 жұмыс күні	40 минуттан аспайды

2-кесте. Әр әкімшілік іс-әрекетінің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсетумен әрбір ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) өзара іс-қимылы дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы

1	Ис-әрекет N (барысы, жұмыстар ағыны)	1	2	3
2	ҚФБ атауы	ЖАО ветдәрігері	ЖАО ветдәрігері	ЖАО ветдәрігері
3	Ис-әрекет (үдеріс, рәсім , операциялар) атауы және олардың сипаттамасы	Өтінішті тіркеу, тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тексеру	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қарау	Жануарға ветеринариялық паспор жануардың ветеринариялық паспорттың телнұсқасын, жануз ветеринариялық паспорттың үзінд беру журналына не мемлекет қызмет көрсетуден бас тарту тұ дәлелді жауапты тіркеу. Тұтынуи дайын құжатты беруге дайындау
			Жануарға ветеринариялық паспортқа (жануардың ветеринариялық паспорттың	

4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастыру- өкімдік шешім)	Құжаттарды қабылдау	телнұсқасына, жануарға ветеринариялық паспорттың үзіндісіне) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	Тұтынушыға дайын құжатты беру
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	8 жұмыс күні	40 минуттан аспайды

"Жануарға
паспорт
қызмет
3-қосымша

беру"
көрсету

ветеринариялық
мемлекеттік
регламенті

Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттерінің қисынды логикалық дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін 1-схема



Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттерінің қисынды логикалық дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін 2-схема

